

Маңызды стратегиялық мәні бар мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 9 сәуірдегі N 277 Қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес заңды тұлғалар 2007 жылы балық ресурстарының өсімін молайту, балық ресурстарын ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету, балықтардың сирек кездесетін және бағалы түрлерінің тектік қорын сақтау және олардың табиғи мекендеу орындарында санын көбейту үшін сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар жұмыстарды беруші және қызметтер көрсетуші болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі заңнамада белгіленген т ә р т і п п е н :

1) осы қаулыға қосымшада көрсетілген заңды тұлғалармен 2007 жылға арналған республикалық бюджетте 038 "Балық ресурстарын молайту" бюджеттік бағдарламасы бойынша 406365000 (төрт жүз алты миллион үш жүз алпыс бес мың) теңге сомасында көзделген қаражат есебінен шарттар жасасуды;

2) осы қаулыға сәйкес пайдаланылатын бөлінген ақша қаражатының оңтайлы және тиімді пайдаланылу қағидатын сақтауды, сондай-ақ "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабының 3 және 4 - т а р м а қ т а р ы н о р ы н д а у д ы ;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шаралар қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 7 ж ы л ғ ы 9 с ә у і р д е г і

N 2 7 7 қ а у л ы с ы н а

қосымша

2007 жылы балық ресурстарының өсімін молайту, балық ресурстарын ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету, балықтардың сирек кездесетін және бағалы

түрлерінің тектік қорын сақтау және олардың табиғи мекендеу орындарында санын көбейту үшін сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар жұмыстарды берушілер мен қызметтерді көрсетушілердің тізбесі

P/c N	Жұмыстарды беруші мен қызметтерді көрсетушінің атауы	Жұмыстарды беруші мен қызметтерді көрсетушінің орналасқан жері	Жұмыстар мен қызметтердің атауы
1	2	3	4
1.	ҚР АШМ Балық шаруашылығы комитетінің "Атырау балық өсіру бекіре зауыты" РМҚК	Атырау облысы Еркінқала ауылы	Б а л ы қ ресурстарын молайту
2.	ҚР АШМ Балық шаруашылығы комитетінің "Майбалық балық питомнигі" РМҚК	Ақмола облысы Майбалық кенті	Б а л ы қ ресурстарын молайту
3.	ҚР АШМ Балық шаруашылығы комитетінің "Жоғарғы Тобыл балық питомнигі" РМҚК	Лисаковск қаласы	Б а л ы қ ресурстарын молайту
4.	ҚР АШМ Балық шаруашылығы комитетінің "Петропавл балық питомнигі" РМҚК	Петропавл қаласы	Б а л ы қ ресурстарын молайту
5.	ҚР АШМ Балық шаруашылығы комитетінің "Қарағанды балық питомнигі" РМҚК	Қарағанды облысы Н о в а я Солоничка станциясы	Б а л ы қ ресурстарын молайту
6.	ҚР АШМ Балық шаруашылығы комитетінің "Шардара балық питомнигі" РМҚК	Шардара қаласы	Б а л ы қ ресурстарын молайту
7.	ҚР АШМ Балық шаруашылығы комитетінің "Қамыстыбас балық питомнигі" РМҚК	Қызылорда облысы Қосжар кенті	Б а л ы қ ресурстарын молайту
8.	ҚР АШМ Балық шаруашылығы комитетінің "Қашыр балық питомнигі" РМҚК	Павлодар облысы Қашыр ауданы	Б а л ы қ ресурстарын молайту
9.	ҚР АШМ Балық шаруашылығы комитетінің "Қазақ өндірістік-жерсіндіру станциясы" РМҚК	Алматы қаласы	Б а л ы қ ресурстарын молайту
10.	ҚР АШМ Балық шаруашылығы комитетінің "Қапшағай уылдырық шашу-өсіру шаруашылығы" РМҚК	Алматы облысы Шалқар кенті	Б а л ы қ ресурстарын молайту

11.	ҚР АШМ Балық шаруашылығы комитетінің "Бұқтырма уылдырық шашу-өсіру шаруашылығы" РМҚК	Ш ы ғ ы с Қазақстан о б л ы с ы Мальковое ауылы	Б а л ы қ ресурстарын молайту
-----	---	---	-------------------------------------

Е с к е р т у :

ҚР АШМ - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі
РМҚК - Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК